«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

СИЛЛАБУС

Пән коды: ЖКП 01
Пәні: «Медициналық терминологиямен латын тілі негіздері »
Мамандығы: 09160100 «Фармация»
Біліктілігі: 4S09160101 «Фармацевт»
Курс: 1
Семестр: 1
Бақылау түрі: с/сынақ
Барлық сағат/кредит көлемі: 48/2
Студенттің өзіндік жұмысы: 6
Студенттің педагогпен өзіндік жұмысы: 12
Теориялық: 12
Симуляциялық: 18

Шымкент, 2025 ж.

«Медициналық терминологиямен латын тілі негіздері»
пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.
Хаттама №_1_ «_27_» _08_ 2025 ж.
Кафедра меңгерушісі: _____ А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.
Хаттама №_1_ «_27_» _08_ 2025 ж.
Төрайымы: _____ Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.
Хаттама №_1_ «_27_» _08_ 2025 ж.
Төрайымы: _____ Г.О.Мамбеталиева

Оқытушылар туралы мәліметтер:

№	Аты-жөні	Дәрежесі және лауазымы	Қызметі	Жүргізетін пәні	Эл.мекен-жайы/тел.
1	Түкібаев Өмірсерік Серікұлы		Оқытушы	Медициналық терминологиямен латын тілі негіздері	tukibaev_07@mail.ru 8-702-677-48-82
2	Алтынбек Гүлмарал Қайратқызы	Пед.ғылым магистрі	Оқытушы	Медициналық терминологиямен латын тілі негіздері	altynbekgulmaral@mail.ru 8-707-933-94-95

1.1. Кіріспе

Медициналық оқу мекемелерінде медициналық терминологиямен латын тілі негіздері оқытылуы медицина саласында қолданылатын терминдердің игерілуінің негізі болып табылады. Медициналық терминологиямен латын тілі негіздері оқытылуы болашақ медицина мамандарының латын және грек-латын тілдерінен шыққан медициналық терминдерді саналы түрде меңгерілуін қамтамасыз етуі тиіс, өйткені оларды Білім алушылар күнделікті оқу барысында және болашақ қызметінде кездестіреді. Сондықтан латын тілінің курсы жалпы медициналық, клиникалық пәндердің терминология негіздерін оқытуға бағытталған. Білім алушы латын тілін өз мамандығы аясында қолдана алатындай дәрежесіне жетуі қажет.

Білім алушыларға қойылатын талаптар:

- себепсіз сабақтарды жібермеу;
- сырт келбеті жинақы, ұқыпты болуы:
- жоғарғы оқу орнында бекітілген жалпыға міндетті форманы сақтау;
- тәжірибелік сабақтарда белсенділік көрсету;
- сабақтарға дайындықпен келу;
- БӨЖ тапсырмаларын кесте бойынша кезінде тапсырып,қорғай білу;
- сабақтарға кешікпеу;
- сабақ кезінде әдептілік атмосфера сақтау;
- кафедра мүлкін ұқыпты пайдалану;

Себепсіз жіберілген сабақтар өтелмейді. Әртүрлі себептермен (денсаулыққа байланысты,жанұя жағдайы, басқа да себептермен) жіберілген жағдайда, анықтама құжаттарының негізінде деканаттың рұқсатымен өтеледі. Өтем сабаққа берілген рұқсат парағы 30 күн жарамды.

Білім алушы аралық бақылауға себепсіз келмеген жағдайда пәннің емтиханына жіберілмейді. Білім алушы ағымдық, аралық бақылаулардан 50% дан төмен алған жағдайда пәннің емтиханына жіберілмейді.

1.2. Пән мақсаты:

Медициналық терминологиямен латын тілі негіздері оқытудың негізгі мақсаты - халықаралық медициналық терминология негіздерін, ғылыми түсініктерді және медициналық терминологияның үш (анатомиялық, фармацевтикалық жалпы рецептурамен, клиникалық) жүйесін білім алушыларға меңгерту.

1.3. Пән міндеттері:

Медициналық терминологиямен латын тілі негіздері фонетикалық және орфоэпиялық жүйесін меңгерту, латын грамматикасын негізін оқыту (септелу жүйесі, зат есім мен сын есімнің тіркесуі т.б.), дәрі-дәрмектердің атауларының сөзжасамдық тәсілдерін меңгерту, клиникалық терминдер

құрамы арасынан белгілі терминдер элементтерін ажыратып алып, олардың мағынасын түсіндіруге үйрету.

1.4. Оқытудың соңғы нәтижелері:

- алфавитті;
- фонетиканы;
- латын тілінің морфологиясын;
- терминология негіздерін (анатомиялық фармацевтикалық, клиникалық);
- латын тілінің негізін мамандық салада қолдануды;
- кәсіптік лексиканы;
- сөздіктің көмегімен кәсіптік бағытталған мәтіндерді аудару техникасын.
- латын сөздерін оқуды, жазуды;
- дәрілік түрлердің атауларын дұрыс оқып, және жазуды;
- клиникалық терминдердің мағынасын дұрыс түсіндіруді;
- клиникалық терминдерді бағытталған мағынада құрастыруды;
- әртүрлі дәрілік түрлерге рецепт құрастыруды;
- әртүрлі дәрілік түрлерге рецепт жазып және рецептерді латын тілінен аударуды;
- бағытталған мамандық мәтіндерді сөздікпен аударуды;
- бағытталған клиникалық мәтіндерді құрастыруды және аударуды;
- бағытталған анатомиялық мәтіндерді құрастыруды және аударуды;
- медициналық терминдермен латын тілін негізін толық меңгеру.

1.5. Пререквизиттер: Ағылшын тілі

1.6. Постреквизиттер: Патологиялық анатомия

1.7. Тақырыптық жоспар:

1.7.1. Теориялық сабақтың тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Мазмұны	Сағат саны
	I- семестр		
1	Кіріспе.Латын тілінің қысқа тарихы. Алфавит.	Латын және көне грек тілі – әлемдік мәдениет қазынасы. Латын алфавитінің әріптері және дыбыстары.	1
2	Фонетика.Дауысты дыбыстардың оқылуы, дауыссыз дыбыстардың оқылу ерекшелігі. Екпін.	Латын екпінінің ерекшеліктері.Ұзақ және қысқа буындар.	1
3	Зат есім. Сөздік формасы. Зат есімнің бес септеуіне шолу. Анатомиялық термин құрылымы.	Зат есімнің грамматикалық категориялары. Зат есімнің сөздік формасы. Септеу жүйесі. Олардың белгілері. Қиыспаған анықтауыш.	1
4	Сын есім. I топ сын есімдері. Сын есімді зат есіммен қиыстыру.	Сын есім. I топ сын есімдерінің жіктелуі, сын есімді зат есіммен қиыстыру әдістері.	1
5	Зат есімнің 3-септеуі. Ер, әйел және орта тегі зат есімдері.	3-септеуідің ерекшеліктері. Ер тегі жалғаулары. Тегі бойынша ережеден	1

		ескертулер. Әйел және орта тегі зат есімдерінің жалғаулары. «-is» жалғауы бар зат есімдердің септелу ерекшеліктері. «Vas» зат есімнің септелу ерекшеліктері.	
6	IV және V септеу зат есімдері	Зат есімнің IV және V септеулерінің септік жалғаулары, сөдік формасы.	1
7	Сын есім. Сын есімнің шырайлары.	Сын есімнің грамматикалық категориялары. Сөздік формасы. Сын есімнің үш шырайы.	1
8	Рецепт. Рецепт құрылымы. Предлогтардың, шылаулардың үстеулердің, есімдіктердің рецепте қолданылуы.	Рецепт, оның 9 бөлігінің анықталуы, жазылу ережелері.	1
9	Фармакологиялық топтарға жататындығын анықтайтын жиілік сөз бөліктері	Дәрілік заттардың атауларындағы жиі кездесетін сөз бөліктері.	1
10	Химиялық номенклатура. Химиялық элементтердің, тұздардың, қышқылдардың және тотықтардың атаулары.	Халықаралық химиялық номенклатура. Химиялық элементтер, қышқылдар, оксидтер, тұздар (күрделі эфирлер) атаулары.	1
11	Дәрілердің атауындағы жиілік бөлшектер. Әр түрлі дәрілік түрлерге (формаларға) рецепт жазу. Рецептік қысқартулар.	Дәрілердің атауларында жиі кездесетін сөз бөліктерін (түбір, қосымша, жалғау) анықтау; дәрілік түрлердің (таблетка, ерітінді, мазь т.б.) атауларымен таныстыру; рецепт жазу ережелері мен дәрігерлер қолданатын қысқартуларды меңгерту.	1
12	Клиникалық терминология. Сөздің құрамы, терминоэлементтер туралы түсінік.	Клиникалық терминология негіздері, медициналық терминнің қалай құрылатыны, сөздің түбірі мен қосымша элементтері, термин элементтерінің мағынасы және оларды дұрыс қолдану.	1
Барлығы:			**12**

1.7.2. Симуляциялық сабақтың тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Мазмұны	Сағат саны
	I- семестр		
1	Екпін. Латын әріптерінің оқу ережелері.	Латын екпінінің ерекшеліктері.Ұзақ және қысқа буындар.	2
2	Өткен шақ есімшесі	Өткен шақ есімшесі, супин негіздері.	2
3	II топ сын есімдері. Сын есімнің	II топ сын есімнің грамматикалық	2

	шырайлары. Осы шақ есімшесі.	категориялары. Сөздік формасы. Сын есімнің екі тобы.	
4	Латын және көне грек тілдерінің фармацевтиакалық терминологияның және дүниежүзілік мәдениет дамуына қосқан үлесі.	Көне грек және латын тілдерінің тарихы, фармацевтикалық терминдердің түбірлері, дәрі атауларын дұрыс жазу мен айту ережелері, және олардың ғылым мен мәдениеттегі маңызы	2
5	Етістік. Бұйрық және шартты райдың рецепте қолданылуы.	Етістіктің грамматикалық категориялары. 4 жіктеуі.	1
	№ 1 Аралық бақылау.	1-8 аралығындағы тақырыптар бойынша ауызша/жазбаша, тест тапсырмасы	1
6	Рецепт. Рецепт құрылымы. Предлогтардың, шылаулардың үстеулердің, есімдіктердің рецепте қолданылуы.	Рецепт, оның 9 бөлігінің анықталуы, жазылу ережелері.	2
7	Латын тіліндегі химиялық номенклатура. Химиялық элементтер, қышылдар, оксидтер, тұздар атаулары. Көмірсутек радикалдар атауларындағы жиілік бөліктер.	Химиялық элементтердің, қышқылдардың, оксидтердің, тұздардың және көмірсутек радикалдарының латынша атаулары қарастырылады. Сонымен қатар, атаулардағы жиі қолданылатын сөз бөліктер	2
8	Фармакологиялық топтарға жататындығын анықтайтын жиілік сөз бөліктері	Дәрілік заттардың қай фармакологиялық топқа жататынын анықтауға көмектесетін латын тіліндегі префикс, түбір және жұрнақтар сияқты сөз бөліктері	2
9	Фармацевтикалық терминология - кешен.	Фармация саласындағы негізгі латын терминдері мен сөз тіркестері; Фармацевтикалық терминологияны толық меңгеруге арналған кешенді шолу.	1
	№ 2 Аралық бақылау.	9-18 аралығындағы тақырыптар бойынша ауызша/жазбаша, тест тапсырмасы.	1
Барлығы:			**18**

1.7.3.Студенттің педагогпен өзіндік жұмысының тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Мазмұны	Сағат саны
1.	Зат есімнің I септеуі.	Латын тіліндегі I септеу үлгісіне жататын зат есімдердің жалғаулары, жекеше және көпше түрде септелуі, фармацевтикалық терминологияда қолданылуы;	1
2.	II септеу зат есімдері.	II септеуге жататын зат есімдердің септелу үлгілері, ер және орта тектердегі есімдердің ерекшеліктері, рецептурада қолданылуы;	1
3.	III септеу зат есімдері.	III септеудің күрделі септелу үлгілері, жекеше және көпше түрлерінің ерекшеліктері, медициналық және фармацевтикалық терминдер арқылы мысалдар беру;	1
4.	Латын және көне грек тілдерінің фармацевтиакалық терминологияның және дүниежүзілік мәдениет дамуына қосқан үлесі.	Латын мен көне грек тілдерінің ғылым мен медицинадағы тарихи маңызы, қазіргі фармацевтикалық терминологияның негізін қалауы және жаһандық мәдениетке әсері;	1
5.	Бұйрық және шартты райдың рецепте қолданылуы.	Рецептте бұйрық және шартты рай формаларының қалай қолданылатыны, олардың мағынасы мен ерекшеліктері	1
6.	Етістік.	Латын тіліндегі етістік ұғымы, оның құрылымы және қолданылуы	1
7.	Грек тілі жөнінде қысқаша мәлімет. Грек приставкалары мен түбірлері.	Грек тілінің негізгі ерекшеліктері, приставкалар мен түбірлерінің маңызы	1
8.	Сөздік белгі: форма белгісі және мағынасы. Термин және түсінік. Терминология және түсініктер жүйесі.	Терминнің мағынасы мен формасы, терминологияның жүйелі құрылымы	1
9.	Дәрілердің атауларында жиі кездесетін бөлшектер.	Медициналық препараттар атауында қолданылатын жиі кездесетін сөз бөлшектері	1
10.	Негізгі дәрілік қалыптар.	Дәрі заттарының негізгі физикалық түрлері мен қалыптары	1
11.	Сөздің құрылымы. Грек-	Сөздің морфологиялық құрылымы, грек-	1

	латын дублеттері. Клиникалық терминнің құрылымы.	латын тілдерінен келген ұқсас сөздер және клиникалық терминдердің құрамына шолу жасау	
12.	Сөзжасам. Термин элементтері жөнінде түсінік. Грек-латын дублеттері және жеке ТЭ. Префиксация. Префиксалды – суфиксалды туындылар.	Сөзжасам процесі, термин элементтері, префиксалар мен суффиксалардың туындылары	1
Жалпы сағат саны			**12**

1.7.4. Студенттің өзіндік жұмысының тақырыптық жоспары

№ р/с	Тақырып/тақырыпшалар	Тапсырма/ жүргізу түрі	Бақылау түрі	Бақылау кестесі	Сағат саны
	I- семестр				
1	Латын тілінің қысқа тарихы. Латын алфавиті.	Реферат дайындау	Реферат	1-ші апта	1
2	Латын және көне грек тілдерінің фармацевтиакалық терминологияның және дүниежүзілік мәдениет дамуына қосқан үлесі.	Кесте толтыру, презентация құрастыру	Презентация	2-ші апта	1
3	Рецепт. Рецепт құрылымы. Предлогтардың, шылаулардың үстеулердің, есімдіктердің рецепте қолданылуы.	Рецепт құрастыру	Реферат	3-ші апта	1
4	Латын тіліндегі химиялық номенклатура. Химиялық элементтер, қышылдар, оксидтер, тұздар атаулары. Көмірсутек радикалдар атауларындағы жиілік бөліктер.	Жұппен жұмыс/тест тапсырмалары	Презентация	4-ші апта	1
5	Фармацевтикалық терминология - кешен.	Талдау кестесін құрастыру	Реферат	5-ші апта	1
6	Дәрілердің атауындағы	Термин сөздігін	ЭССЕ	6-шы апта	1

	жиілік бөлшектер. Әр түрлі дәрілік түрлерге (формаларға) рецепт жазу. Рецептік қысқартулар.	жасау			
Жалпы сағат саны					**6**

1.8. Оқыту әдістері: (шағын топша, дискуссия, презентация, кейс-стади, жобалау)

Теориялық сабақтар: ауызша сұрау, әңгімелеу, пікірталас, презентация, шағын топпен жұмыс, жазбаша жұмыс;

1.9. Білімгерлердің білімін және дағдыларын бағалау әдістері: тестілеу, ауызша сұрау, жағдаяттық есептер, бағаланатын сұхбат.

1. Сабақта білімді бақылаудың бірнеше формалары қолданылады. Журналға орташа баға қойылады.
2. Бақылау түрлерінің бірі бойынша (ағымдағы бақылау, №1 және/немесе №2 аралық бақылау) өту балын (50%) жинамаған білім алушылардың пән бойынша емтиханға жіберілмейді
3. Қорытынды рейтинг пән бойынша емтиханға жіберу 50 балдан (60%) кем болмауы тиіс, ол ағымдағы бақылаудың орташа бағасы (40%) + аралық бақылаудың орташа бағасы (20%) негізінде автоматы түрде есептеледі.
4. Аралық бақылау: тестілеу, ауызша, жазбаша түрде бақылау жұмысы 8 және 16 аптасында өткізіледі.

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4.00	95-100%	Өте жақсы
A-	3.67	90-94%	
B+	3.33	85-89%	Жақсы
B	3.00	80-84%	
B-	2.67	75-79%	
C+	2.33	70-74%	
C	2.00	65-69%	Қанағаттанарлық
C-	1.67	60-64%	
D+	1.33	55-59%	
D	1.00	50-54%	
F	0.00	0-49%	Қанағаттанарлықсыз

Теориялық сабақты бағалау критерийлері

Бақылау түрі	**Бағалау**	**Бағалау критерийлері**
Жазбаша немесе ауызша	**Өте жақсы** A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы жауап беру кезінде негізгі қағидаларды өз бетінше нақты мысалдар, фактілермен жауабын растап, және негізделген түрде талдап, жинақтап, қорытындылай алғанда

		еш қателік жібермегенде қойылады. Оқу материалын жүйелі, нық, байланысты, негізделген түрде және қатесіз түсіндіреді, берілген терминология мен хронологияны пайдалана отырып логикалық жүйелілікте береді; өзінің дербес тұжырымын жасайды.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Білім алушы жауап беру кезінде бағдарламалық материалдар бойынша нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Түсініктерді айқындауда, ғылыми терминдерді пайдалануда, тұжырымдар және жиынтықтарда елеусіз қателер мен кемшіліктер жібереді.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Оқу материалының негізгі мазмұнын игерген, алайда кейбір жерлерін түсінбеген; материалдың мазмұнын айтуы жүйесіз, үзік-үзік және ретсіз. Ғылыми терминологияны пайдалануда қателіктер мен дәлсіздіктер жібереді.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, материал мазмұнын игермеген, қорытындылап, жинақтай алмай қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады.Қойылған сұрақтар шегінде бағдарламалық материалдың маңызды немесе негізгі бөлігін білмейді және түсінбейді.

Симуляциялық сабақты бағалау критерийлері

Бақылау түрі	**Бағалау**	**Бағалау критерийлері**
Жазбаша немесе ауызша	**Өте жақсы** A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы жауап беру кезінде негізгі қағидаларды өз бетінше нақты мысалдар, фактілермен жауабын растап, және негізделген түрде талдап, жинақтап, қорытындылай алғанда еш қателік жібермегенде қойылады. Оқу материалын жүйелі, нық, байланысты, негізделген түрде және қатесіз түсіндіреді, берілген терминология мен хронологияны пайдалана отырып логикалық жүйелілікте береді; өзінің дербес тұжырымын жасайды.

	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Білім алушы жауап беру кезінде бағдарламалық материалдар бойынша нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Түсініктерді айқындауда, ғылыми терминдерді пайдалануда, тұжырымдар және жиынтықтарда елеусіз қателер мен кемшіліктер жібереді.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Оқу материалының негізгі мазмұнын игерген, алайда кейбір жерлерін түсінбеген; материалдың мазмұнын айтуы жүйесіз, үзік-үзік және ретсіз. Ғылыми терминологияны пайдалануда қателіктер мен дәлсіздіктер жібереді.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, материал мазмұнын игермеген, қорытындылап, жинақтай алмай қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады.Қойылған сұрақтар шегінде бағдарламалық материалдың маңызды немесе негізгі бөлігін білмейді және түсінбейді.

Студенттің педагогпен өзіндік жұмысын бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Жағдаяттық тапсырмаларды шешу, Эссе, Жоба әзірлеу, Ғылыми және мұрағаттық материалдарды талқылау, мерзімдік материалдарды талқылау.	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	- материалды терең білуді көрсетеді; - ситуациялық міндеттерді шешуге және оларды талқылауға белсенді қатысады; - ситуациялық есепті шешудің оңтайлы жолын таңдайды; - өз шешімін дәлелдейді; - сұрақтарға логикалық, сауатты жауап береді және оларды қояды.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	материалды білуді көрсетеді; - ситуациялық міндеттерді шешуге және оларды талқылауға қатысады; - ситуациялық есепті шешудің оңтайлы жолын таңдайды; - өз шешімін дәлелдейді; - сұрақтарға сауатты жауап береді және оларды қояды. - принципиалды емес қателіктер жібереді,

		кейбіреулері мұғалімнің жетекші сұрақтарында дербес түзетеді.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	-материалды толық білмегендігін көрсетеді; - ситуациялық міндеттерді шешуге және оларды талқылауға аз қатысады; - ситуациялық мәселені шешудің оңтайлы жолын таңдай алмайды; - өз шешімін дәлелдемейді; - сұрақтарға толық жауап бермейді; - мұғалімнің жетекші сұрақтарында да өз бетінше түзете алмайтын қателіктер жібереді.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	-материал туралы білімнің жоқтығын көрсетеді; - ситуациялық міндеттерді шешуге және оларды талқылауға қатыспайды; - ситуациялық мәселені шешудің оңтайлы жолын таңдай алмайды; - өз шешімін дәлелдемейді; - сұрақтарға толық жауап бермейді; - ситуациялық мәселелерді шешуде және оларды талқылауда түбегейлі өрескел қателіктер жібереді. - топтың жұмысына қатыспайды.

Аралық бақылауды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	**Бағалау**	**Бағалау критерийлері**
Жазбаша немесе тест	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы сұрақ бойынша нақты, сауатты, теориядан ауытқымай, тақырып бағыты бойынша барлық сұраққа жауап береді. Сонымен қатар оқытушының қосымша сұрақтарына да сауатты, логикалық жауап береді. Тест бойынша 90-100 % жауаптары дұрыс
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Білім алушы сұраққа толық жауап бермей, қағидалық емес қателіктер жіберіп,оны өзі түзеп отырады, бағдарламалық материалды оқытушының көмегімен жүйелей алды. Тест бойынша 70-89 % жауаптары дұрыс
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Білім алушы сұраққа толық жауап бермей, қағидалық емес қателіктер жіберіп, оқытушы көмегімен түзеп отырады. Қосымша сұрақтарға жауап кезінде қателіктер жіберді. Білімі оқытушы көрсеткен оқу әдебиеті шеңберінде,

		материалды жүйелеу кезінде үлкен қиыншылықтарға ие болды. Тест бойынша 50-69 % жауаптары дұрыс
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Білім алушы сұраққа жауап беру кезінде қағидалық қателіктер жіберіп, оны түзей алмады,сонымен қатар тақырып бойынша негізгі материалды өңдемеген, пәннің ғылыми әдебиетін қолдана алмайды. Оқытушының сұрақтарына жауап беруде стилистикалық және дөрекі қателіктер жіберді. Тест бойынша дұрыс жауаптары 50 % -дан кем.

Емтиханды (бағалы сынақты) бағалау критерийлері

Бақылау түрі	**Бағалау**	**Бағалау критерийлері**
Тест	**Өте жақсы** A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	95-100% дұрыс жауаптары
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	70-89% дұрыс жауаптары
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	50-69% дұрыс жауаптары
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	50% кем дұрыс жауаптары

Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	**Бөлімше атауы**	**Оқыту нәтижелері**	**Бағалау критерийлері**
Кіріспе Фонетика	Латын тілінің қысқа тарихы. Латын алфавиті.	Орфографиялық тұрғыда латын әріптерін дұрыс білуге дағдыландыру. Әріп тіркестерін сауатты айтуға және жазуға баулу. Оқытушымен жұмыс істеу барысында грамматикалық	Орфографиялық тұрғыда латын әріптерін дұрыс пайдаланады. жұмыс істеу барысында грамматикалық сауатты қолданады.

		сауаттылыққа үйрету.	
Морфология. Анатомиялық терминдер	Зат есім.	1.Зат есімнің грамматикалық категориялары: түрі, саны, септік, септеуі. Зат есімнің 5 түрлі септеуі, әрқайсысының негізгі белгісі. 2.Зат есімнің септік жалғауының 1-ші септеуі. Зат есімнің 1-ші септеуінің сөздік түрі. 3.Зат есімнің 2-ші септеуінің жалғаулары. Зат есімнің 2-ші септеуінің сөздік түрлері. 4.Зат есімнің 3-ші септеуінің негізгі белгілері. Тең күрделі және теңсіз күрделі зат есімдер. Сөздік түрлері. 5.Зат есімнің 4-ші және 5-ші септеулерінің сөздік түрлер	зат есім сөздерінен пайда болған терминдерді өз тәжірибесінде кеңінен қолдана бәлу үшін және де олардың ілік септігінде зат есім сөздерінің септелуін біліп медициналық терминдерді құрастырады Зат есімнің грамматикалық категорияларын дұрыс анықтау Тақырыпқа қажетті сөздік минимумдармен қамтамасыз ету. Жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында грамматикалық сауаттылыққа үйрету. Латын терминдерінің қазақша аудармаларын қолданады.
	Сын есім.	Сын есімнің грамматикалық категориялары: түрі, саны, септік, септеуі. Сын есім мен зат есімнің сөздік түрлері. Сын есімнің 1-ші және 2-ші септеуінің тектік белгілері. Сөздік түрі. Сын есімнің 2-ші тобын, сын есімнің 3-ші септеуін. Сын есімнің 2 тобынан, сын есімнің 3,2,1 тектік	Оқытушымен бірлесе жұмыс істеуге баулу. Жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында грамматикалық сауаттылыққа үйренеді. Латын терминдерінің қысқаша аудармаларын үйренеді.

		жалғауларын анықтау. Сын есімнің 2 септелуінің сөздік түрлері. Сын есімнің сөз негізінен салыстырмалы және күшейтпелі сөздер құрастыру. Осы шақ есімшесі. Сөздік түрі.	
Етістік. Рецепт	Етістік. Бұйрық және шартты райдың рецепте қолданылуы. Рецепт. Рецепт құрылымы. Предлогтардың, шылаулардың үстеулердің, есімдіктердің рецепте қолданылуы. Химиялық номенклатура. Химиялық элементтердің, тұздардың, қышқылдардың және тотықтардың атаулары. Дәрілердің атауындағы жиілік бөлшектер. Әр түрлі дәрілік түрлерге (формаларға) рецепт жазу. Рецептік қысқартулар.	1) Тұрақты және тұрақсыз үстеулермен әртүрлі салыстырмалы үстеулерді қолдану; 2) таныс жалпы және оқу тақырыптарының кең ауқымында вербалға дейінгі, вербалдан кейінгі және соңғы үстеулердің кең ауқымын қолдану. Рецептің латындық бөлігінң құрылысы мен құрастырылуы және рецепт тармағындағы грамматикалық тәуелділігі. Рецептурада қолданылатын етістік, жалғау, үстеу, шылау. Химиялық номенклатура: тотықтар, қышқылдар, тұздар жұранақтары. Химиялық номенклатураны дұрыс жазу және оқу ережелері.	1) Әдебиет бойынша бұрын алған білімдерін жаттығады; 2) сәйкес зерттеу дағдыларын көрсетеді; 3) әртүрлі цифрлық ресурстарды шебер пайдаланады;
Клиника	Клиникалық	Сөзқұрастырудың	1) Өтілген тақырып

лық терминология	терминология. Сөздің құрамы, терминоэлементтер туралы түсінік. Сөздің құрылымы. Грек-латын дублеттері. Клиникалық терминнің құрылымы.	тәсілдері мен құралдары. Аурудың атауларында және патологиялық жағдайларда қолданылатын журнақтар. Терминоэлементтердің, грек-латын дублетінің маңыздары. Сөзқұрастырудың тәсілдері мен құралдары. Терминоэлементтердің, грек-латын дублетінің маңыздары.	бойынша грамматикалық және лексикалық материалды меңгереді; 2) барлық тілдік дағдыларды дұрыс қолданады.

1.10. Материалдық-техникалық жабдықтау

1. Интерактивті тақта
2. Мультимедиялық проектор
3. Дербес компьютер, ноутбук, смартфон
4. Бейнефильмдер, аудиожазбалар, презентациялар

1.10.1 Негізгі әдебиетттер

1.Мустафинова, О. А. Латын тілі және медициналық атаулар негізі : оқу құралы / О. А. Мустафинова. - Караганды : АҚНҰР, 2015. - 112 бет. С

2.Қасымбекова, А. Н. Латын тілі : оқу құралы / А. Н. Қасымбекова. - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 284 бет. с.

3.Қасымбекова А. Н. Латын тілі : Латын тілі пәнінен жоғары оқу орындарының "Фармацевтикалық өндіріс технологиясы"мамандығына арналған оқу құралы / А. Н. Қасымбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 284 б.

4.Қасымбекова А. Н. Латын тілі : Латын тілі пәнінен жоғары оқу орындарының "Фармацевтикалық өндіріс технологиясы"мамандығына арналған оқу құралы / А. Н. Қасымбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 284 б.

1.10.2 Қосымша әдебиеттер

1.Жантасова, С. О. Латын тілі және медициналық терминология негіздері: оқу құралы / С. О. Жантасова, М. Т. Жанұзақова, Т. Д. Татаренко. - Алматы : Эверо, 2015. - 152 бет

2.Билич, Г . Л .Анатомия человека : русско-латинский атлас / Г . Л . Билич, В. Ю. Зигалова. - 2-е изд. - М. : Эксмо, 2017. - 704 с. : цв.ил. - (Медицинский атлас)

1.10.3.Электронды басылымдар:

1.Мальгаждарова, Р.У. т.б. Латын тілі және медицина терминологиясыныңнегіздері: Оқулық. / Р.У. Мальгаждарова, Ә.Б. Әубәкіров, М.К. Жаналиева. - Қарағанды: Ақнұр, 2018. - 218б.
http://rmebrk.kz/book/1174580

2.Латинский язык и основы медицинской терминологии./Мальгаждарова Р.У., Аубакиров А.Б., Жаналиева М.К. , 2019 https://aknurpress.kz/reader/web/1391

3.Латын тілі. Қасымбекова А.Н. , 2019 https://aknurpress.kz/reader/web/1393
Латын тілі және медицина терминологиясының негіздері.

4.Мальгаждарова Р.У., Әубәкіров Ә.Б., Жаналиева М.К. , 2019 https://aknurpress.kz/reader/web/1392